

А.А. Касымжанова¹, Қ.О. Ахан¹

¹«Тұран» университеті, Алматы, Қазақстан

ПОЗИТИВТІ ЖӘНЕ НЕГАТИВТІ АФФЕКТТІҢ БАҚЫТҚА ӘСЕР ЕТУІН ЭМПИРИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ

Аңдатпа

Мақалада Позитивті және негативті аффект шкаласын қазақ тіліне бейімдеу және осы әдістеме арқылы анықталған эмоциялар жиілігінің бақыт деңгейіне әсер ету ерекшеліктерін эмпирикалық зерттеудің нәтижелері қамтылған. Зерттеу барысында тандау тобының қалыпты үлестірім заңдылығына сәйкес екендігі тексерілді және осы нәтижеге қарай көрсеткіштерді талдауда параметрлік әдістер қолданылды. Watson, Clark және Tellegen ұсынған Позитивті және негативті аффект шкаласы қазақ тіліне аударылып, әдістеме ұлт пен тіл ерекшелігіне бейімделді. Жалпы және жеке тармақтар бойынша альфа-Кронбах коэффициенті 0,8-ден жоғары болып, оның сенімділігі статистикалық тұрғыдан дәлелденді. Позитивті және негативті аффект пен Оксфорд бақыт сауалнамасы арқылы алынған көрсеткіш арасындағы өзара байланысты зерттеуде Пирсон бойынша корреляциялық талдау жүргізіліп, позитивті аффекттің бақытпен тура байланысы, негативті аффекттің бақытпен кері байланысы анықталды. Бір факторлы дисперсиялық талдау барысында позитивті және негативті эмоциялар жиілігінің бақытқа әсер ететіні, ал регрессиялық талдау арқылы бақыттың 27,7% жағдайда позитивті аффектке, ал 15,2% жағдайда негативті аффектке тәуелді екендігі анықталды. Зерттеу нәтижесін позитивті психология бағытында жүрген зерттеушілер мен психологтар қазақ тілді тұлғалармен жұмыс жасауда қолдана алады.

Түйін сөздер: позитивті аффект, негативті аффект, альфа-Кронбах, бақыт.

А.А. Касымжанова¹, Қ.О. Ахан¹

¹Университет «Тұран», Алматы, Казахстан

ЭМПИРИЧЕСКОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ ВЛИЯНИЯ ПОЗИТИВНОГО И НЕГАТИВНОГО АФФЕКТА НА СЧАСТЬЯ

Аннотация

В статье представлены результаты эмпирического исследования, проведенного с целью адаптации Шкалы позитивного и негативного аффекта на казахском языке и выявления влияния частоты эмоций, определяемый по данной методике на уровень счастья. В процессе исследования было проверено, что выборка соответствует нормальному закону распределения, и на основании этого результата при анализе показателей использовались параметрические методы. Шкала положительного и отрицательного аффекта, предложенная Watson, Clark и Tellegen, была переведена на казахский язык и адаптирована к особенностям нации и языка. Коэффициент альфа Кронбаха для общих и отдельных элементов был выше 0,8, и его достоверность была доказана статистически. Для определения взаимосвязи положительного и отрицательного аффекта с показателем, полученным по Оксфордскому опроснику счастья, был проведен корреляционный анализ Пирсона и выявлена положительная связь между позитивным аффектом и счастьем и отрицательная связь между негативным аффектом и счастьем. В ходе однофакторного дисперсионного анализа установлено, что частота позитивных и негативных эмоций влияет на счастье, а путем регрессионного анализа определено, что счастье зависит от положительного аффекта в 27,7% случаев, а от отрицательного аффекта в 15,2% случаев. Исследователи и психологи, работающие в направлении позитивной психологии могут использовать результаты исследования в своей работе с казахскоязычными людьми.

Ключевые слова: позитивный аффект, негативный аффект, альфа-Кронбаха, счастье.

AN EMPIRICAL STUDY OF THE INFLUENCES OF POSITIVE AND NEGATIVE AFFECT ON HAPPINESS

Abstract

The article presents the results of an empirical study conducted with the aim of adapting the Positive and Negative Affect Schedule into Kazakh and identifying the influence of the frequency of emotions, determined by this method, on the level of happiness. During the study, it was verified that the sample corresponds to the normal distribution law, and based on this result, parametric methods were used in the analysis of indicators. The Positive and Negative Affect Schedule proposed by Watson, Clark and Tellegen was translated into Kazakh and adapted to the characteristics of the nation and language. Cronbach's alpha for total and individual elements was above 0.8 and was statistically valid. Pearson's correlation analysis was carried out to determine the relationship between positive and negative affect and the index obtained from the Oxford Happiness Questionnaire. We found a positive relationship between positive affect and happiness and a negative relationship between negative affect and happiness. In the course of one-way analysis of variance, it was found that the frequency of positive and negative emotions influences happiness and it was determined that happiness depends on positive affect in 27.7% of cases, and on negative affect in 15.2% of cases by regression analysis. The researchers and psychologists working in the direction of positive psychology can use the results of the study in their work with Kazakh-speaking people.

Keywords: positive affect, negative affect, Alpha-Cronbach, happiness.

КІРІСПЕ

Ежелден бақыттың эвдомониялық және гедонистік тұрғыда түсініктері болғанымен, позитивті психология ғылым саласы ретінде дами бастаған уақыттан бақыт бір жақты өлшеммен анықталатынын байқауға болады. Яғни, бақыт өмірге қанағаттанушылықтан, позитивті аффекттің болуы мен негативті аффекттің болмауынан тұратын гедонистік құрылым деп қарастырылады. Шамамен соңғы отыз жылда аталған құрылымға байланысты зерттеулер саны да көбейіп келеді. Көптеген мемлекеттерде жүргізілген зерттеулерде өмірге қанағаттанушылық, позитивті және негативті аффект бақытқа әсер ететіні анықталғанымен, Қазақстандық респонденттермен бұл бағытта эмпирикалық зерттеу жүргізілмеген. Сондықтан аталған құрамдас бөліктердің бақытқа әсер етуін зерттеудің қажеттілігі туындап отыр. Зерттеуіміз барысында тек екі факторды, яғни позитивті және негативті аффектті қарастырамыз.

“Аффект” термині адамның бастан кешіретін сезімдерін, эмоцияларын, көңіл-күйлерін сипаттайды және екіге бөлінеді: позитивті аффект және негативті аффект [1; 2]. Позитивті аффект тұлғадағы ынтаның, белсенділіктің және қырағылықтың белгілі бір деңгейін білдіреді. Позитивті аффекттің жоғары болуы көп күш-қуат, зейінді толықтай шоғырландыра алу және өзіне жағымды әрекетті жасау күйі ретінде, ал оның төмен болуы қайғы және әлсіздік күйі ретінде сипатталады. Керісінше, негативті аффект - ашу, жек көру, жиіркеніш, кінә, қорқыныш, беймаздық сияқты жағымсыз көңіл-күйден тұратын субъективті күйзелістің жалпы өлшемі. Ал, бұл көрсеткіштің төмен болуы сабырлылық пен тыныштық күйін білдіреді [1; 2].

Аффекттерді өлшеу 1969 жылы Bradburn-нің арнайы әдістемені ұсынуынан қолға алына бастады [3]. 1983 жылы McAdams пен Constantian [4]; Warr, Barter және Brownbridge [5]; 1984 жылы Diener мен Emmons [6]; 1985 жылы Stone, Hedges, Neale және Satin [7]; 1988 жылы Watson, Clark және Tellegen (PANAS: Positive and Negative Affect Schedule) [2]; 2010 жылы Diener, Wirtz, Tov, Kim Prieto, Choi, Oishi және Biswas-Diener [8] позитивті және негативті аффект шкалаларын ұсынды. Аталған әдістемелердің ішінде сенімділік деңгейі жоғары және дүние жүзі бойынша (соның ішінде АҚШ, Испания, Австралия, Ұлыбритания, Қытай мемлекеттерінде) жиі қолданылатын әдістеме – Позитивті және негативті аффект шкаласы [9]. Сондықтан зерттеуімізге осы өлшеу құралын таңдап алдық.

Позитивті және негативті аффект шкаласы 20 тармақтан, 5 балдық шкаладан тұрады. Әдістеме авторлары оның ішкі сенімділігін дәлелдеу үшін сауалнаманы студенттерге, қызметкерлерге, психиатриялық стационарда жүргізіп, респонденттердің сол сәттегі, сол күнгі, өткен бірнеше күндегі, өткен бірнеше аптадағы және сол жылғы эмоцияларының жиілігі

сұралды. Нәтижесінде, барлық жағдайда альфа-Кронбах коэффициенті 0,8-ден жоғары екендігі анықталған. Сонымен қатар, әдістеме жаңа болғандықтан, оның сыртты валидтілігін анықтауда авторлар позитивті және негативті аффект көрсеткіші мен Хопкинс симптомдар чеклисті (Hopkins Symptom Checklist), Бектің депрессия сауалнамасы (Beck Depression Inventory), Мазасыздану күйінің шкаласы (State-Trait Anxiety Inventory; State Anxiety Scale) арасында корреляциялық талдау жүргізген. Нәтижесінде аталған шкалалардың негативті аффектпен тура байланысы, ал позитивті аффектпен кері байланысы анықталған [2].

Ішкі және сыртқы сенімділігі дәлелденген әдістеме испан, итальян, үнді, араб, кәріс және т.б. тілдерге аударылып, сол елдің ерекшелігіне қарай бейімделген [10; 11]. Сонымен қатар, түрлі мәдениет өкілдері арасындағы позитивті және негативті аффект шкалалары салыстырылған. Өйткені, ұжымдық және жеке мәдениет өкілдерінің эмоцияларға байланысты айтарлықтай айырмашылықтары бар. Мысалы, ұжымдық мәдениет өкілдері үшін топтағы гармония маңызды. Сондықтан, олар эмоциялары мен сезімдерін ашық көрсете бермейді және көбінше көңіл-күйлері тұрақты болады. Аталған жағдайға байланысты 2019 жылы Сингапур және АҚШ тұрғындарына Позитивті және негативті аффект шкаласы жүргізілген. Нәтижесінде бұл әдістеме екі түрлі мәдениет өкілдері үшін өзгермелі екендігі анықталған [12]. Яғни, жауап беруге ұсынылған тармақтардың мағынасы екі топ үшін екі түрлі. Сонымен қатар, 2020 жылы американдық және араб респонденттерінің Позитивті және негативті аффект шкаласы бойынша көрсеткіштері салыстырылып, жоғарыдағы зерттеуге ұқсас нәтижеге қол жеткізген [10].

Позитивті және негативті аффект шкаласының қолданысын кеңейтуде оның балаларға арналған нұсқасы да ұсынылды [13]. Алайда, кей зерттеулерде бұл әдістеме бойынша қарама-қарсы нәтижелер алынды. Сондықтан аустралиялық зерттеуде 7-12 жас аралығында ұл балаларға әдістеменің негізгі нұсқасы жүргізді (альфа-Кронбах 0,8-ден жоғары). Нәтижесінде Watson et al. зерттеуіне ұқсас көрсеткіштерге қол жеткізді. Яғни, барлық жас кезеңі бойынша позитивті аффект деңгейі негативті аффекттен әлдеқайда жоғары [14].

Ал, Аргентинада Позитивті және негативті аффект шкаласы студенттерге, әр түрлі жастағы ересектерге және спортсмендерге онлайн және оффлайн, онымен қоса 5 және 7 балдық бағалау шкаласымен жүргізілген. Нәтижесінде онлайн жүргізу мен 5 балдық шкаланың тиімді екендігі анықталған [15].

Сонымен қатар, Кореяда да колледж студенттеріне өз тілдеріне бейімделген әдістеме жүргізіліп, позитивті аффект пен негативті аффекттің бір-біріне тәуелсіз екені анықталған [11]. Яғни, негативті эмоциялар жиілігінің азаюы позитивті эмоциялар жиілігінің азаюына әсер етпейді.

Жоғарыда берілген ақпараттарға сүйене отырып, позитивті және негативті аффектті өлшеудің әлемдік құралын қазақ тіліне бейімдеудің және бақыттың құрамдас бөлігі ретінде зерттеудің қажеттілігі туындап тұрғанын айта аламыз.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

Зерттеудің мақсаты: Позитивті және негативті аффект шкаласын қазақ тіліне бейімдеу және эмоциялар жиілігінің бақытқа әсер етуін зерттеу.

Зерттеудің болжамдары: 1) Позитивті және негативті аффект шкаласының қазақ тіліне аударылған нұсқасының сенімділік деңгейі жоғары болады; 2) Позитивті және негативті эмоциялар жиілігі бақыт деңгейіне әсер етеді.

Қатысушылар: Позитивті және негативті аффект шкаласын қазақ тіліне бейімдеу және эмоциялар жиілігін бақытқа әсер етуін эмпирикалық зерттеуге 16-70 жас аралығындағы Қазақстанның түрлі аймағынан жалпы саны 417 қазақ тілді тұлғалар қатысты.

Өлшемдер: Эмпирикалық зерттеуді жүргізу барысында Позитивті және негативті аффект шкаласы (The Positive and Negative Affect Schedule; Watson, D., Clark, L. A., Tellegen, A.; 1988) [2] және Оксфордтық бақыт сауалнамасы (The Oxford Happiness Questionnaire; Hills, P. and Argyle, M.; 2002) [16] қолданылды.

Позитивті және негативті аффект шкаласы позитивті және негативті эмоциялардың жиілігін өлшейтін әдістеме ретінде алғаш рет 1988 жылы қолданысқа енгізілді. Аталған өлшеу құралы 20 тармақтан, 5 балдық өлшемнен және 2 шкаладан тұрады. Респонденттерге әр тармақта жазылған эмоцияның қаншалықты жиі басынан өткергенін мынадай балдармен жауап беру ұсынылады:

- 1 балл – өте аз немесе жоқ;
- 2 балл – аздап;

- 3 балл – орташа;
- 4 балл – біраз;
- 5 балл – өте көп.

Әдістеменің өңделуі барысында барлық тармақтар 2 шкалаға бөлінеді:

Позитивті аффект 1, 3, 5, 9, 10, 12, 14, 16, 17 және 19 тармақтарды қамтиды. Қосындысы 10 мен 50 балл аралығында болуы мүмкін, жоғары балл позитивті эмоциялар жиілігінің жоғарылығын білдіреді.

Негативті аффект 2, 4, 6, 7, 8, 11, 13, 15, 18 және 20 тармақтардың қосындысынан тұрады. Нәтижесі 10 мен 50 аралығында болуы мүмкін және мұнда да жоғары балл негативті эмоциялар жиілігінің жоғарылығын көрсетеді [2].

Оксфордтық бақыт сауалнамасы 1989 жылы қолданысқа ұсынылып, 2002 жылы 6 балдық Likert-шкаламен жаңартылды. Соңғы нұсқасы 2022 жылы қазақ тілі мен ұлт ерекшелігіне бейімделіп, сенімділік деңгейінің жоғары екендігі дәлелденген (α -Кронбах = 0,872) [16].

Жүргізілу барысы: Позитивті және негативті аффект шкаласы және Оксфордтық бақыт сауалнамасының қазақ тіліне аударылған нұсқалары 16-70 жас аралығында Қазақстанның түрлі аймақтарының 417 тұрғынына қашықтықтан жүргізілді. Респонденттерге алынған ақпараттың жалпы нәтижесі зерттеу жұмысына қолданылатыны және жеке мәліметтердің құпиялығы сақталаны туралы алдын ала хабарланды.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАУ

Эмпирикалық зерттеу барысында алынған мәліметтерді талдауда SPSS бағдарламасы қолданылды. Өлшеу құралдарымен алынған көрсеткіштерді зерттеу 5 кезеңнен тұрды. *Бірінші кезеңде* талдау әдістері таңдау тобының ерекшелігіне қарай дұрыс қолданылуы үшін шкалалардың сипаттамалы статистикасы арқылы қалыпты үлестірім заңдылығына сәйкестігі тексерілді.

1-кесте – Әдістемелер арқылы алынған нәтижелердің сипаттамалы статистикасы

Сипаттамалы статистика							
	N	Ең кіші мән	Ең үлкен мән	Орта мән	Станд. ауытқу	Асимметрия	Эксцесс
Позитивті аффект	417	10	50	30,6	9,7	-,069	-,700
Негативті аффект	417	10	50	21,7	8,8	,906	,416
Бақыт	417	1,9	5,8	4,3	0,76	-,236	-,578
Валидті N (тұтас)	417						

1-кестеде берілген асимметрия және эксцесс мәндерінен таңдау тобының қалыпты үлестірім заңдылығына сай екендігі және осыған байланысты зерттеу мәліметтерін талдауда параметрлік әдістердің қолданылатыны анықталды.

Екінші кезеңінде Позитивті және негативті аффект шкаласының қазақ тілді нұсқасының сенімділік статистикасы жүргізілді.

2-кесте – Позитивті және негативті аффект шкаласының жалпы сенімділік статистикасы

Сенімділік статистикасы		
Альфа Кронбах	Стандартталған тармақтарға негізделген Альфа Кронбах	Тармақтар саны
,831	,831	20

2-кестеде берілген ақпараттан Позитивті және негативті аффект шкаласының қазақ тіліне аударылған нұсқасы бойынша α -Кронбах көрсеткіші 0,831-ге тең екенін көре аламыз. Бұл әдістеменің сенімділік деңгейінің жоғары екендігін және қолданысқа жарамдылығын білдіреді.

3-кесте – Позитивті және негативті аффект шкаласының тармақтары бойынша сенімділік статистикасы

Тармақтың жалпы балға қатынасының статистикасы					
Позитивті және негативті аффект шкаласының тармақтары	Тармақты алып тастағанды ағы шкаланың орта мәні	Тармақты алып тастағанды ағы шкаланың дисперсиясы	Тармақтың жалпы балмен корреляциясы	Көп деңгейлі корреляция коэффициентінің квадраты	Тармақты алып тастағанды ағы альфа-Кронбах коэффициенті
1. Қызығушылықпен	49,2446	135,810	,397	,492	,824
2. Күйінген	50,2326	137,443	,330	,523	,828
3. Қуанышты	48,8129	137,643	,357	,559	,826
4. Ренжулі	50,0432	137,224	,357	,519	,826
5. Күш-жігерлі	49,4005	134,669	,446	,610	,822
6. Кінәлі	50,4580	138,215	,330	,504	,828
7. Қорыққан	50,4556	138,239	,318	,472	,828
8. Жақтырмаған	50,3837	140,256	,272	,431	,830
9. Ынталы	49,3046	132,746	,529	,627	,818
10. Өзіне сенімді	49,0576	135,776	,379	,603	,825
11. Ашуланшақ	49,7818	136,762	,333	,473	,828
12. Қырағы	49,7290	133,371	,473	,423	,821
13. Ұялған	50,2830	137,564	,379	,283	,825
14. Шабыттанған	49,2998	131,398	,507	,622	,819
15. Күйгелек	50,1703	135,175	,405	,487	,824
16. Батыл	49,4125	131,781	,527	,649	,818
17. Ықыласты	49,4101	131,406	,537	,686	,818
18. Беймаз	50,1103	136,209	,372	,496	,826
19. Сергек	49,5755	134,163	,455	,514	,822
20. Үрейлі \ мазасыз	50,2158	135,838	,371	,485	,826

3-кестеден Позитивті және негативті аффект шкаласының әр тармағы бойынша α -Кронбах көрсеткіші 0,8-ден жоғары екенін көре аламыз. Яғни, әдістеменің жалпылама сенімділігімен қатар, тармақтардың өзара үйлесімділігі де жоғары деңгейде деп айтуға болады. Демек, бұл

психодиагностикалық құралды алдағы уақытта қазақ тілді Қазақстан тұрғындарының позитивті және негативті эмоцияларының жиілігін өлшеуде қолдануға болады.

Зерттеудің үшінші кезеңінде бақыт деңгейінің позитивті және негативті аффектпен өзара байланысын анықтау үшін корреляциялық талдау (Пирсон бойынша) жүргізілді.

4-кесте. Позитивті және негативті аффект пен бақыт арасындағы өзара байланысты корреляциялық талдау

Корреляциялар		
		Бақыт
Позитивті аффект	Пирсон корреляциясы	,527**
Негативті аффект	Пирсон корреляциясы	-,389**
** Корреляция 0.01 деңгейінде мәнді (2 жақты).		

Корреляциялық талдау нәтижесінде бақыттың позитивті аффектпен тікелей оң байланысы, ал негативті аффектпен тікелей кері байланысы анықталды (4-кесте). Яғни, позитивті эмоциялар жиілеген сайын бақыт деңгейі жоғарылайды және негативті эмоциялардың қарқындылығы күшейген сайын бақыт деңгейі төмендейді немесе керісінше болуы мүмкін. Бұл адамның қуану, қызығу, батылдық сияқты жағымды күйлерді бастан жиі өткізген сайын өзін бақытты сезінетінін немесе ашулану, күйіну, мазасыздану сияқты жағымсыз күйлердің жиіленуінен өзін бақытсыз сезінуін білдіреді. Алайда, адамның бақытты немесе бақытсыз күйі де аталған позитивті және негативті эмоциялардың жиілеуіне немесе сиреуіне әсер етуі мүмкін.

Сондықтан, бұл көрсеткіштер ары қарай нақтылануы үшін төртінші кезеңде Бонферрони апостериорлық критерийі (post hoc test) қолданыла отырып, бір факторлы дисперсиялық талдау жүргізілді. Өйткені, позитивті эмоциялардың ғана жиілігінің артуы немесе негативті эмоциялардың қарқындылығымен қатар көбеюі қаншалықты әсер ететінін айта алмаймыз. Сондықтан мұндай жағдайда тек корреляциялық талдаудың негізінде ғана қорытынды шығару қателік болуы мүмкін.

5-кесте. Позитивті және негативті эмоциялар жиілігінің бақытқа әсер етуін дисперсиялық талдау

Бір факторлы дисперсиялық талдау					
Бақыт					
	Квадраттар жиынтығы	Еркіндік дәрежесі	Орташа квадрат	F	Мәнділік
Топ арасында	59,040	3	19,680	45,332	,000
Топ ішінде	179,296	413	,434		
Барлығы	238,336	416			

5-кестеде берілген ақпараттан мәнділіктің 0,05-тен төмен екендігін және бұл аталған дисперсиялық талдаудың сенімділігін дәлелдейді. Демек, Бонферрони критерийі арқылы көпреттік салыстыруды қолдана аламыз. Мұнда Позитивті және негативті аффект шкаласы екі өлшемнен тұрғанымен, алынған нәтижелер төмендегідей төртке бөлініп топтастырылды:

- 1) Жоғары позитивті аффект, төмен негативті аффект;
- 2) Төмен позитивті аффект, жоғары негативті аффект;
- 3) Жоғары позитивті аффект, жоғары негативті аффект;
- 4) Төмен позитивті аффект, төмен негативті аффект.

6-кесте. Эмоциялар жиілігінің бақытқа әсер етудегі ерекшеліктерін көптік салыстыру

Көптік салыстыру						
Тәуелді айнымалы: бақыт						
Бонферрони						
(I) Позитивті және негативті аффект шкаласы	J) Позитивті және негативті аффект шкаласы	Орта мөндердің айырмашылығы (I-J)	Станд. қателік	Мәнділік	95% сенімді интервал	
					Төменгі шекара	Жоғарғы шекара
1. Жоғары позитивті, төмен негативті аффект	2. Төмен позитивті, жоғары негативті аффект	1,05543 [*]	,11003	,000	,7637	1,3471
	3. Жоғары позитивті және негативті аффект	,57400 [*]	,08831	,000	,3399	,8081
	4. Төмен позитивті және негативті аффект	,64960 [*]	,08509	,000	,4240	,8752
2. Төмен позитивті, жоғары негативті аффект	1. Жоғары позитивті, төмен негативті аффект	-1,05543 [*]	,11003	,000	-1,3471	-,7637
	3. Жоғары позитивті және негативті аффект	-,48143 [*]	,12603	,001	-,8155	-,1473
	1. Төмен позитивті және негативті аффект	-,40583 [*]	,12380	,007	-,7340	-,0776
3. Жоғары позитивті және негативті аффект	1. Жоғары позитивті, төмен негативті аффект	-,57400 [*]	,08831	,000	-,8081	-,3399
	2. Төмен позитивті, жоғары негативті аффект	,48143 [*]	,12603	,001	,1473	,8155
	4. Төмен позитивті және негативті аффект	,07560	,10497	1,000	-,2027	,3539
4. Төмен позитивті және негативті аффект	1. Жоғары позитивті, төмен негативті аффект	-,64960 [*]	,08509	,000	-,8752	-,4240
	2. Төмен позитивті, жоғары негативті аффект	,40583 [*]	,12380	,007	,0776	,7340
	3. Жоғары позитивті және негативті аффект	-,07560	,10497	1,000	-,3539	,2027

*. Орта мәндердің айырмашылығы 0.05 деңгейінде мәнді.

Дисперсиялық талдау нәтижесінде бақыттың ең жоғары деңгейі позитивті эмоциялар жиілігі артып, негативті эмоцияларының қарқындылығы азайған өлшемге тән болса, бақыттың ең төменгі деңгейі позитивті эмоциялардың сиреп, негативті эмоциялардың басым болатын өлшемге сәйкес келеді. Ал, екі аффект түрінің де бірдей жоғары немесе төмен болуынан бақыт деңгейінде айырмашылық байқалмайды. Тек бұл көрсеткіш жоғары позитивті, төмен негативті аффект жағдайындағы бақыт деңгейінен төмен, ал төмен позитивті, жоғары негативті аффект жағдайындағы бақыт деңгейінен жоғары болады. Яғни, біздің позитивті эмоцияларды жиі бастан кешіруіміз бақыт деңгейін жоғарылатады. Егер бір уақыт аралығында позитивті әрі негативті эмоциялар бірдей жиіленіп немесе бірдей сиреп кетсе, бақыт орташа деңгейде қалады. Ал, тек қана негативті эмоциялардың жиіленуі ең төменгі бақыт деңгейіне әкелуі мүмкін. Демек, адам бойында қуану, қызығу, батылдық сияқты жағымды күйлер жиіленген сайын және қорқыныш, мазасыздық сияқты жағымсыз күйлер сиреген сайын адам өзін бақытты сезіне түседі немесе керісінше сипаттама орын алады. Яғни, жағымды эмоциялардың сиреуі және жағымсыз эмоциялардың жиіленуі адамды өзін бақытсыз сезінуге әкеледі. Кейбір адамдар қуану, қызығумен қатар қорқыныш, мазасыздық сияқты күйлерді жиі басынан кешіреді. Ал, кейбір адамдар осы сезімдерді төмен деңгейде сезінеді. Осы екі топтағы адамдардың бақыт күйінің басынан кешіруде айырмашылық болмайтындығы анықталды. Алынған нәтижелер бойынша сандық көрсеткіш адамның күйінің сапасын толық сипаттамайды. Сондықтан біз бақыт деңгейінің орташа көрсеткішін нақтылау үшін негативті және позитивті аффектілер деңгейіне ерекше назар аударуымыз қажет.


Позитивті психологияның алғашқы зерттеушілерінің бірі Argyle тұжырымына сәйкес, бақыт өмірге қанағаттанушылықтан, позитивті эмоциялардың бар болуынан және негативті эмоциялардың болмауынан тұрады. Жоғарыда берілген талдаулардан позитивті және негативті аффектінің бақытқа әсер ететінін анықтадық. Яғни, біздің алған нәтижеміз Argyle теориясымен сәйкес болды деп айта аламыз. Алайда, бақыт құрылымында басқа да факторлардың бар екендігін де ескеруіміз керек. Сондықтан позитивті және негативті аффект бақыт деңгейінің өзгеруіне қаншалықты үлес қосатынын анықтау үшін регрессиялық талдау жүргізудің қажеттілігі туындады.

7-кесте - Позитивті және негативті аффектінің бақытқа әсер етуін регрессиялық талдау

Модельге арналған мәлімет ^b					
Модель	R	R-квадрат	Түзетілген R-квадрат	Бағалаудың станд. қателігі	Дурбин-Уотсон
Позитивті аффект	,527 ^a	,277	,276	,64420	1,993
Негативті аффект	,389 ^a	,152	,150	,69804	1,823
a. Предикторлар: (конст) Позитивті аффект, негативті аффект					
b. Тәуелді айнымалы: бақыт					

Регрессиялық талдау нәтижесінде алынған мәліметтер бізге ең қажеттісі – R-квадрат – көптік детерминация коэффициенті – позитивті аффект бойынша 0,277-ге, ал негативті аффект бойынша 0,152-ге тең. Бұл көрсеткіш позитивті эмоциялар жиілігінің 27,7%, ал негативті эмоциялар жиілігінің 15,2% жағдайда бақытқа әсер ететінін білдіреді. Яғни бақытты сезінуіміздің шамамен 43%-ы эмоцияларымыздың жиілігіне тәуелді. Қалған 57%-ына бақыттың басқа предикторлары жатады.

1-сурет – Позитивті және негативті аффект негізінде бақыт құрылымы



Бұл жұмысымызды Argyle зерттеуінің қазақ тілді аудиториядағы жартылай репликациясы деп атауға болады. Жоғарыда көрсетілгендей, Argyle бойынша бақыт құрылымы позитивті және негативті аффекттен, өмірге қанағаттанушылықтан тұрады. Argyle ұсынған теориясын бақыттың әр құрамдас бөлігін өлшеу арқылы жүргізілген зерттеумен дәлелдеді. Біздің зерттеуімізде де берілген предикторлардың екеуін қолданып, бастапқы модельге сәйкес нәтижеге қол жеткіздік. Яғни, жағымды және жағымсыз күйлерді бастан өткізуіміздің жиілігі біздің өзімізді бақытты сезінуімізге әсер етеді. Егер осы бақыт моделіне сүйенер болсақ, қалған предиктор үлесі өмірге қанағаттанушылықпен байланысты болуы мүмкін. Дегенмен, бақыттың басқа да теориялары мен модельдері бар екенін ескеруіміз қажет. Сондықтан алдағы уақытта бақыттың әр теориясына сәйкес предикторларын өлшей отырып, бақытты сипаттайтын жалпы моделді анықтаудың қажеттілігі туындауда.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сонымен, эмпирикалық зерттеуіміз барысында мынадай нәтижелерге қол жеткіздік:

- Позитивті және негативті аффект шкаласы қолданылған зерттеулерге талдау жасалынды және қазіргі уақытта да әдістеменің өзекті екендігі дәлелденді;
- Позитивті және негативті аффект шкаласы қазақ тіліне аударылып, жалпы және жеке тармақтардың альфа-Кронбах коэффициенті арқылы оның сенімділік статистикасы жоғары екені дәлелденді ($\alpha = 0,831$).
- Корреляциялық талдау нәтижесінде бақыт пен позитивті аффекттің арасында тура байланыс, бақыт пен негативті аффекттің арасында кері байланыс бар екендігі анықталды.
- Дисперсиялық талдаудың нәтижесінде позитивті эмоциялардың жиіленуі мен негативті эмоциялардың сиреуі бақыттың жоғары деңгейіне; керісінше позитивті эмоциялардың сиреуі мен негативті эмоциялардың жиіленуі бақыттың төменгі деңгейіне әкелетіні анықталды. Ал, екі аффект көрсеткіші бірдей жоғары не төмен болғанда, бақыт деңгейінде айырмашылық байқалған жоқ.
- Регрессиялық талдаудың нәтижесінде позитивті аффект 27,7%, ал негативті аффект 15,2% жағдайда бақытқа әсер ететіні анықталды. Демек, бақытты сезінуіміздің 43%-ы біздің сезімдерімізге, эмоцияларымыз мен көңіл-күйімізге байланысты.

Қорытындылай келе, жоғарыдағы берілген нәтижелерді ескере отырып, зерттеуіміздің болжамы толықтай расталды деп айта аламыз. Бұл зерттеу нәтижесін позитивті психология бағытындағы зерттеушілер мен психологтар қазақ тілді тұлғалармен жұмыс жасау барысында қолдана алады. Сонымен қатар, болашақта позитивті және негативті аффекттен басқа бақыттың предикторларын анықтайтын өлшем құралдарын қазақ тіліне бейімдеп, зерттеу жүргізу ұсынылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1) Watson, D., Clark, L. A., & Carey, G. *Positive and negative affectivity and their relation to anxiety and depressive disorders* // *Journal of Abnormal Psychology*. – 1988. – №97(3). – S. 346–353. URL: <https://doi.org/10.1037/0021-843X.97.3.346>.
- 2) Watson, D., Clark, L. A., & Tellegen, A. *Development and validation of brief measures of positive and negative affect: The PANAS scales* // *Journal of Personality and Social Psychology*. – 1988. – №54(6). – S. 1063–1070. URL: <https://doi.org/10.1037/0022-3514.54.6.1063>.
- 3) Bradburn, N. M. *The structure of psychological well-being*. – Chicago: Aldine, 1969.

4) McAdams, D. P., & Constantian, C. A. *Intimacy and affiliation motives in daily living: An experience sampling analysis* // *Journal of Personality and Social Psychology*. – 1983. – №45. – S. 851-861.

5) Warr, P., Barter, J., & Brownbridge, G. *On the independence of positive and negative affect* // *Journal of Personality and Social Psychology*. – 1983. – №44. – S. 644-651.

6) Diener, E., & Emmons, R. A. *The independence of positive and negative affect* // *Journal of Personality and Social Psychology*. – 1984. – №47. – S. 1105-1117.

7) Stone, A. A., Hedges, S. M., Neale, J. M., & Satin, M. S. *Prospective and cross-sectional mood reports offer no evidence of a "Blue Monday" phenomenon* // *Journal of Personality and Social Psychology*. – 1985. – №49. – S. 129-134.

8) Diener, E., Wirtz, D., Tov, W., Kim-Prieto, C., Choi, D.-W., Oishi, S., & Biswas-Diener, R. *New well-being measures: Short scales to assess flourishing and positive and negative feelings* // *Social Indicators Research*. – 2010. – №97. – S. 143–156. URL: <https://doi.org/10.1007/s11205-009-9493-y>

9) Scopus.com // Analyze search results URL: <https://is.gd/xPYsPK>

10) Davis, R. C., Arce, M. A., Tobin, K. E., Palumbo, I. M., Chmielewski, M., Megreya, A. M., & Latzman, R. D. *Testing measurement invariance of the positive and negative affect schedule (PANAS) in American and Arab university students* // *International Journal of Mental Health and Addiction*. – 2020. – Advance online publication. URL: <https://doi.org/10.1007/s11469-020-00411-z>

11) Park, H.; Lee, J.-M.; Koo, S.; Chung, S.-Y.; Lee, S.; Cho, Y.I. *A PANAS Structure Analysis: On the Validity of a Bifactor Model in Korean College Students* // *Sustainability*. – 2022. – №14, 16456. URL: <https://doi.org/10.3390/su142416456>

12) LEE, Sean Teck Hao, HARTANTO, Andree, YONG, Jose C., KOH, Brandon, & LEUNG, Angela K. Y. *Examining the cross-cultural validity of the positive affect and negative affect schedule between an Asian (Singaporean) sample and a Western (American) sample* // *Asian Journal of Social Psychology*. – 2020. – №23(1). – S. 109-116. URL: <https://doi.org/10.1111/ajsp.12390>

13) Laurent, J., Catanzaro, S. J., Joiner, T. E., Rudolph, K. D., Potter, K. I., Lambert, S., Osborne, L., Gathright, T. *A measure of positive and negative affect for children: Scale development and preliminary validation* // *Psychological Assessment*. – 1999. – №11. – S. 326–338. URL: doi:10.1037/1040-3590.11.3.326

14) Heubeck BG, Boulter E. *PANAS Models of Positive and Negative Affectivity for Adolescent Boys* // *Psychol Rep*. – 2021. – №124(1). – S. 240-247. URL: doi: 10.1177/0033294120905512.

15) Caicedo Cavagnis, Estefanía & Michelini, Yanina & Belaus, Anabel & Mola, Débora & Godoy, Juan & Reyna, Cecilia. *Further considerations regarding PANAS: Contributions from four studies with different Argentinean samples*. // *Suma Psicológica*. – 2018. – №25.

16) Касымжанова А.А., Ахан К.О. *Оксфордтық бақыт сауалнамасының қазақ тіліне аударылуы және бейімделуі*. *Eurasian Journal of Current Research in Psychology and Pedagogy*. 2022;(1):15-25. <https://ejcrpp.turan-edu.kz/jour/article/view/14/4>

REFERENCES

1. Watson, D., Clark, L. A., & Carey, G. (1988a). *Positive and negative affectivity and their relation to anxiety and depressive disorders*. *Journal of Abnormal Psychology*, 97(3), 346–353. <https://doi.org/10.1037/0021-843X.97.3.346>. (in English).

2. Watson, D., Clark, L. A., & Tellegen, A. (1988b). *Development and validation of brief measures of positive and negative affect: The PANAS scales*. *Journal of Personality and Social Psychology*, 54(6), 1063–1070. <https://doi.org/10.1037/0022-3514.54.6.1063>. (in English).

3. Bradburn, N. M. (1969). *The structure of psychological well-being*. Chicago: Aldine. (in English).

4. McAdams, D. P., & Constantian, C. A. (1983). *Intimacy and affiliation motives in daily living: An experience sampling analysis*. *Journal of Personality and Social Psychology*, 45, 851-861. (in English).

5. Warr, P., Barter, J., & Brownbridge, G. (1983). *On the independence of positive and negative affect*. *Journal of Personality and Social Psychology*, 44, 644-651. (in English).

6. Diener, E., & Emmons, R. A. (1984). *The independence of positive and negative affect*. *Journal of Personality and Social Psychology*, 47, 1105-1117. (in English).

7. Stone, A. A., Hedges, S. M., Neale, J. M., & Satin, M. S. (1985). *Prospective and cross-sectional mood reports offer no evidence of a "Blue Monday" phenomenon*. *Journal of Personality and Social Psychology*, 49, 129-134. (in English).
8. Diener, E., Wirtz, D., Tov, W., Kim-Prieto, C., Choi, D.-W., Oishi, S., & Biswas-Diener, R. (2010). *New well-being measures: Short scales to assess flourishing and positive and negative feelings*. *Social Indicators Research*, 97, 143–156. <https://doi.org/10.1007/s11205-009-9493-y> (in English).
9. Scopus.com \ Analyze search results <https://is.gd/xPYsPK> (in English).
10. Davis, R. C., Arce, M. A., Tobin, K. E., Palumbo, I. M., Chmielewski, M., Megreya, A. M., & Latzman, R. D. (2020). *Testing measurement invariance of the positive and negative affect schedule (PANAS) in american and arab university students*. *International Journal of Mental Health and Addiction*. Advance online publication. <https://doi.org/10.1007/s11469-020-00411-z> (in English).
11. Park, H.; Lee, J.-M.; Koo, S.; Chung, S.-Y.; Lee, S.; Cho, Y.I. *A PANAS Structure Analysis: On the Validity of a Bifactor Model in Korean College Students*. *Sustainability* 2022, 14, 16456. <https://doi.org/10.3390/su142416456> (in English).
12. LEE, Sean Teck Hao, HARTANTO, Andree, YONG, Jose C., KOH, Brandon, & LEUNG, Angela K. Y..(2020). *Examining the cross-cultural validity of the positive affect and negative affect schedule between an Asian (Singaporean) sample and a Western (American) sample*. *Asian Journal of Social Psychology*, 23(1), 109-116. <https://doi.org/10.1111/ajsp.12390> (in English).
13. Laurent, J., Catanzaro, S. J., Joiner, T. E., Rudolph, K. D., Potter, K. I., Lambert, S., Osborne, L., Gathright, T. (1999). *A measure of positive and negative affect for children: Scale development and preliminary validation*. *Psychological Assessment*, 11, 326–338. doi:10.1037/1040-3590.11.3.326 (in English).
14. Heubeck BG, Boulter E. *PANAS Models of Positive and Negative Affectivity for Adolescent Boys*. *Psychol Rep*. 2021 Feb;124(1):240-247. doi: 10.1177/0033294120905512. Epub 2020 Feb 13. PMID: 32052698. (in English).
15. Caicedo Cavagnis, Estefanía & Michelini, Yanina & Balaus, Anabel & Mola, Débora & Godoy, Juan & Reyna, Cecilia. (2018). *Further considerations regarding PANAS: Contributions from four studies with different Argentinean samples*. *Suma Psicológica*. 25. 10.14349/sumapsi.2018.v25.n2.5. (in English).
16. Kasymjanova A.A., Ahan Q.O. *Oksfordtyq baqyt saualnamasynyñ qazaq tiline audaryluy jáne beıımdelıı // Eurasian Journal of Current Research in Psychology and Pedagogy*. – 2022. – №1. – S. 15-25. URL: <https://ejcrpp.turan-edu.kz/jour/article/view/14/4> (in Kazakh).